

**«Актөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Б.Сейсекенов атындағы ЖОББМ» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№3 хаттамасы**

29-мамыр 2024 ж.

Ұлғайсын аулы

Қатысқандар саны -16 адам

Шакырылғандар: -7 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры
Б.Ж.Жумагулованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы
туралы есебін тындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Алекшова А - қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Бұғінгі күн тәртібіне койылған мәселе бойынша таныстырып, Б.Сейсекенов атындағы ЖОББМ-де 2024 жылдың 01 мамырынан – 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Б.Ж.Жумагуловаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Б.Ж.Жумагулова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оку-агарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру үйімдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің кезектен тыс өткізілген №5 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01 мамырынан – 31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының қызметін бағалауга арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жараптандырылуымыз, ерекше білім берілуіне кажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оку- әдістемелік кешендермен қамтамасызыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 клас білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 клас окушыларынан оффлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оку

бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсете сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ұ.Демсінова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі Сенсорлық тақталардың жоктығын сөзге тиек етті», сонымен қатар біліктілік санаттар санын арттыру керек екенін ескертті.


Қамқоршылық кеңесінің тәрайымы Алекешова А. өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын колдайтындығын атап өтті.




Күн тәртібіне койылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жаксы» деп бағалансын.
2. Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес тәрайымы:  Алекешова А.

Хатшы:  Кумабекова Т.

Кеңес мүшелері:  Демсінова Ұ
 Брешова М
 Коҗина А
 Бижанова Г
 Таңжарыков Д
 Сарсенбаева А
 Сейтенова Г